

2003 жылғы 25 желтоқсанда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 448-V ҚРЗ

2003 жылғы 25 желтоқсанда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы 2013 жылғы 11 сәуірде Астанада жасалған хаттама ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н.Назарбаев

2003 жылғы 25 желтоқсанда Астана қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері туралы келісімге өзгерісті енгізу туралы хаттама

(2016 жылғы 2 наурызда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2016 ж., № 3, 42-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Р е с п у б л и к а с ы н ы ң Ү к і м е т і ,

Мерке станциясынан Шалдыбар станциясына өткізу пунктін ауыстыру және қазақстан-қырғыз мемлекеттік шекарасы арқылы адамдарды, тауарларды және көлік құралдарын өткізу тәртібін жетілдіру мақсатында,

2003 жылғы 25 желтоқсанда Астана қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері туралы келісіміне (бұдан әрі - Келісім) мынадай өзгерісті енгізуді келісті:

1-бап

Келісімнің Қосымшасындағы 10-тармағында «Қазақстан Республикасындағы өткізу пункттерінің атауы» бағанада «Мерке - теміржолдық» деген сөздер «Шалдыбар - теміржолдық» деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап

